



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 "Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы" Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сек-



сенбайұлының Қаратау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 25 мамыр сағат 10:00-де ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Қаратау ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 11:00-де болады.

Қарақұр ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 25 мамыр сағат 15:00-де Қарақұр атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Қарақұр ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Созақ ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 26 мамыр сағат 11:00-де №1 колледждің ауласында өтеді.

Созақ ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12:00-де өтеді.

Сызған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 26 мамыр сағат 15:00-де ауылдық мәдениет үйінің ауласында өтеді.

Сызған ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Кез келген ел өзінің әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартудың бір факторы ретінде газ саласын дамытуға маңыз береді. Біз де халықтың әлауқаты мен тұрмыс-тіршілігіне оң әсер ететін тиімді реформаларға, сапалы өзгерістерге мүдделіміз. Осы орайда Президенттің газ саласы бойынша берген тапсырмалары қалай орындалып жатқандығы жөнінде «QazaqGaz» ұлттық компаниясы таратқан мәліметтермен бөліскелі отырмыз.

Соңғы он шақты жылда елдегі газ тұтыну көлемі 9-дан 21 миллиард текше метрге дейін өссе, газдандыру деңгейі 59 пайызға әрең табан тіреді. Нәтижесінде, қазіргі тұтынудың белсенділігі мен 2000 жылдан бері өспеген газ қоры тапшылыққа әкелді. Тауарлық газдың жетіспеушілігіне газ тасымалдау желілерінің тозуы қосылып, энергетикалық қауіпсіздігімізге сын-қатер төнді. Өткен жылы сұраныстың артуына және ауа райының қолайсыздығына байланысты газ тұтыну сағатына 4 миллион



Газ саласы: Жаңару жолындағы жауапкершілік

текше метрден асып жығылған. Ел тұрғындары былтыр тәуліктік эквивалентте 82 млн текше метр газ тұтынаса, биыл бұл көрсеткіш шамамен 100 млн текше метрге жетті.

Газды шектен тыс қолданудан бөлек, газ қызметінің жұмысына қыстық да қаһары тиді. Биылғы жылдың алғашқы апталарында «ҚазТрансГаз Аймақ» апаттық-диспетчерлік қызметіне тұтынушылардан 6 686 өтінім келіп тұтасын. Халықты газбен үздіксіз қамтамасыз ету үшін 76 бригаданың қызметкерлері тынбай еңбек етті, қосымша 52 бригада жұмылдырылды. Күзгі-қысқы кезеңде ішкі нарықты газбен үздіксіз жабдықтауға барынша тырысқан «QazaqGaz» компаниясының іс-шаралары мүмкіндік берді. «QazaqGaz» ұлттық компаниясының басшысы Санжар Жаркешовтің айтуынша, қазір 2023-2024 күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындық басталып кетті. Бұл ретте жіберілген қателіктер қайталанбауы үшін жүйелі шаралар қабылданып, келесі маусымға кем-кетіктерді түзету бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. «Қазірдің өзінде 2023-2024 күзгі-қысқы жылыту маусымында халықтың сұранысын қамтамасыз ететін жұмыс штабы құрылды. Бұған дейін орын алған төтенше жағдайларды ескеріп, халықты газбен үздіксіз жабдықтау шараларына алдын ала қамдану үстіндеміз», деді ол.

Өткен жылы газдың ресурстық базасын ұлғайтуды көздейтін бірқатар қадамдар жасалды. Компания газды барлау мен өндірудің барлық перспек-

тивалы жобаларын шоғырландыру үшін «Амангелді Газ» серіктестігін қайта құрып, жаңа бөлімше ашты. Геологиялық барлау мен жаңа кен орындарын игеруге оннан астам лицензия алу мақсат етіліп отыр. Барлау және өндіру жөніндегі жол картасы шеңберінде ресурстық базаны 700 миллиард текше метрден астам газға ұлғайту көзделген. Сол секілді былтыр тамыз айында Қашаған газ өңдеу зауытын салу жобасы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына берілді. «QazaqGaz» жобаны өз қаражаты есебінен қайта жандырып, нысандағы құрылыс-монтаж жұмыстарын едәуір ілгерілетті. Қазірде «QazaqGaz» Маңғыстау, Атырау және Алматы облыстарында газ көлігі инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жалпы құны 455 миллиард теңгеден асатын басым жобаларды белсенді іске асырып жатыр. Өңірлерді дамытудың кешенді бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылып жатқан жобалардың стратегиялық және әлеуметтік маңызы зор.

Келесі өзекті міндет- саланың шығынсыздығы мен инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету. Өткен жылдың қорытындысы бойынша шығыстарды оңтайландыру нәтижесінде «QazaqGaz» қарызы 26 пайызға азайған. Дегенмен ұлттық компанияның ішкі нарықта тауарлық газды көтерме сату қызметі газды жеткізудің жоғары құны мен төмен рентабельділігіне байланысты шығынды болып қалуда. Газ экспортынан түскен кірістер көптеген жыл бойы ішкі нарықта қолайлы бағаларды сақтап келді. Бірақ ішкі нарықта газға қажеттіліктің артуына байланысты экспорттан түсетін

пайда азайып жатыр. Осы түйткілді шешу үшін «QazaqGaz» өткен жылғы желтоқсанда тиісті заңнамаға енгізуге: газ тұтынушылардың ірі коммерциялық тұтынушылар мен майнерлерге қатысты екі жаңа санатын айқындау; тұтынушылар үшін тауарлық газға баға белгілеу механизмін өзгерту; мүлктік балансқа немесе сенімгерлік басқаруға қабылдау кезінде тауарлық газды тасымалдауға бекітілген тарифтерді өзгерту; жыл сайынғы түзету мүмкіндігімен 5 жылдық кезеңге тауарлық газға көтерме бағаны бекіту; жер қойнауын пайдаланушылардан газдың жаңа көлемін сатып алу бағасының ынталандырушы формуласын қолдану жөнінде бастама көтерді.

Әлемде қалыптасқан экономикалық және геосаяси жағдайға қарамастан, еліміздің газ саласы өткен жылы тұрақты даму мен өсу үдерісін көрсетті және бұл қарқынның сақталуына барынша күш салынады. «QazaqGaz» ұлттық газ компаниясы рейтингінің ВВ-дан ВВ+ дейін жоғарылауын жетекші S&P Global Ratings агенттігі растады. Агенттіктің хабарлауынша ұлттық компанияның қаржылық көрсеткіштері тұрақты. Оған ел Үкіметінің газдандыру қарқынын арттырып, «жасыл экономикаға» бет бұруы негіз болды. 2018 жылдан бері газға деген сұраныстың 50 пайызға өсуіне байланысты газ энергетикалық тұрақтылықтың басты құрамдас бөлігіне айналып отыр. Сәйкесінше, ұлттық газ компаниясына артылған сенім жүгі салмақты бола бермек.

«Созақ үні» - ақпарат.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ 17.05.2023 №2

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс үшінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс үшінші сессиясы 2023 жылғы 24 мамыр, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев.

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс үшінші сессиясы 2023 жылғы 24 мамыр, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 24 мамыр, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 24 мамыр, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы «2023 - 2025 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы О.Жәмиев.



Жалпыға бірдей декларация тапсырудың ІІ кезеңі басталды

Егер оқырмандарымыз хабардар болса елімізде бұған дейін, яғни, 2021 жылы жалпыға бірдей декларациялаудың І кезеңі жүріп өткен болатын. Жалпы ІV кезеңнен тұратын декларациялаудың алғашқы кезеңінен мына санаттағы азаматтар мен азаматшалар өткен болатын:

-Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратн адамдар мен олардың жұбайлары;

-Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайлары;

-Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілгендер мен олардың жұбайлары;

-«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және «Банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы тура-

олардың жұбайлары; -Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайлары.

Жалпыға бірдей декларация тапсырудың осы кезеңі жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін өткен аптада, яғни, мамырдың 12 күні ауданымызға Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік Кірістер Департаментінің өкілі Жаппарқұлов Зағит Таңатханұлы келді. Аталмыш түсіндірме жұмыстарына байланысты Созақ ауданы әкімдігінің үлкен мәжіліс залына жалпыға бірдей декларациялаудың осы кезеңінен қатысатын әр екі санаттағы азаматтар мен азаматшалар шақырылды. Түсіндірме жұмыстарына арналған жиынға аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды мен Түркістан облысы Мемлекеттік Кірістер департаментінің Созақ ауданындағы бөлімшесінің

кезеңі жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыстары барысында айтылған кезеңде Созақ ауданы бойынша 12 450 адам жалпыға бірдей декларацияны тапсыруы тиіс болса, бүгінгі күнге дейін солардың тек 4130 ғана тапсырып үлгергенін сөз етті. Әрине, мұның басты себебі ретінде түсіндірме жұмыстарының кемшін түсуі есебінен сауатсыздық орын алып отырғанды баса айтты. Әйтпесе, өзі өкілі болып табылатын Кірістер Департаменті тарапынан тиісті жұмыстардың атқарылып жатқандығын да тілге тиек етті. Міне осы арада сөзге араласқан Ақәділ Сатыбалды залда жиналғандарға: «Байқаймын, жиналған кісілердің дені көпшілігі білім және денсаулық саласының қызметкерлері секілді. Тек, бұл кісілердің арасынан мекеме басшыларын көрмей отырмын?» деді. Залдан келген: «Ол кісілер шұғыл жұмыстары шығып облысқа кетті дағы орындарына оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары келіп отырмыз!» деген жауап келді. Бұл жауапқа қанағаттанбаған Ақәділ Болатұлы түстен кейін сағат 15-00 ге мекеме басшыларын жинап, бұл жұмысты әрі қарай да пысықтайтын мәлімдеді. Баяндамашының сөзінен соң жарыссөзге шығушылар болмады, бірақ, сауал берушілердің саны көп болды. Міне, осыдан ақ, бұл жұмыс әлі де түсіндіру жұмыстары керектігі белгілі болды. Сонымен, сағатқа жуық жүрген жиын соңына жетті. Біз де, аудандық «Созақ үні» газеті аудан жұртшылығының көзі мен құлағы һәм тілі қызметін атқарып отырған ұжым ретінде алдағы уақыттарда бұл жұмыстардың жүру барысын қадағалап, түсінірме жұмыстарына да өз үлесімізді қосатынымызды мәлімдейміз! Келесі көріскенше, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!



лы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларацияны табыс ету міндеті жүктелген адамдар.

Ал енді, жалпыға бірдей декларация тапсырудың келесі кезеңі осы үстіміздегі, 2023 жылдан басталады. Сондай-ақ, бұл кезеңге адамдардың мына санаттары қатыстырылады:

-Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және

басшысының орынбасары Жарылқасын Айдарбеков қатысып отырды. Кіріспе сөз сөйлеген Ақәділ Болатұлы жиылған көпшілікке әуелі бүгінгі жиынның мақсатын ашып берді, кейін, облыстан келген өкілді таныстырып, әріқарайғы сөз кезегін сол кісіге берді.

Зағит Таңатханұлы да жиналғандарға елімізде 2021 жылдан бері жүріп келе жатқан Жалпыға бірдей декларация тапсырудың келесі

Данияр БЕК.

КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі бірінші мәселе тазалық жұмыстары мен аудан орталығын абаттандыру және орталық маңызы бар С.Қожанов пен Жібек-жолы көшелерінің бойында орналасқан нысандар мен тұрғын үй қасбеттерін қалпына келтіру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жаңақты пысықталды. Аудан басшысы бұл бағыттағы жұмыстарды әр кез бақылауда ұстау керектігін ескертті.



Сонымен қатар, ауыл, кент округ тұрғындарымен кездесу барысында көтерілген мәселелердің орындалу барысын қадағалап, бұл жөнінде округ әкімдеріне тиісті жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуді тапсырды. Бірқатар ауыл округ әкімдеріне қосымша тапсырмалар жүктеп, орындалу барысы бақылауда болатынын айтты.



Аудандық мәслихаттың кезекті екінші сессиясы өтті

Созақ аудандық мәслихатының кезекті екінші сессиясы өтті. Оған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық мәслихат төрағасы, депутаттар, ауыл кент округ әкімдері, құқық қорғау органдары мен бөлім, мекеме басшылары, БАҚ өкілдері, ардагерлер және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының өкілдері қатысты.

Сессия жұмысын аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев жүргізді.

Сессияның күн тәртібіндегі алғашқы мәселе аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы бөлім басшысы Жалғас Борсабаев хабарлама жасады. Сонымен қатар, аудандық орталық аурухананың атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы орталық аурухананың бас дәрігері Болат

Нұсқабаевтың есебі тыңдалды. Жартытөбе ауылдық округі әкімінің атқарған жұмыстары бойынша ауылдық округтің іс басқарушы маманы Данияр Жүсіпов хабарлады. Сондай-ақ аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков, аудан әкімі аппараты заң бөлімінің басшысы Тілеубай Жұмабаев, әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Марал Ерназарова күн тәртібінде қаралған мәселелері бойынша баяндады.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша аудандық мәслихат депутаттары тарапынан сауалдар жолданып, бірқатар ұсыныс-пікірлер айтылды.

Жалпы сессия жұмысында мәслихат депутаттары 11 мәселені қарап, тиісті шешімдер қабылданды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Созақ ауданы Қарақұр ауылдық округіне сайланған әкім туралы қорытынды ХАБАРЛАМА

Қарақұр ауылдық округі әкімін сайлаудың қорытындысы:

2023 жылдың 14 мамырда өткен Қарақұр ауылдық округі әкімі сайлауына 1684 сайлаушының 1136 сайлаушы қатысып өз таңдауын жасады. Қарақұр ауылдық округі әкімдігіне «AMANAT» партиясынан ұсынылып тіркелген кандидат Бимендиев Галым Абдрашұлы 910 дауыс, өзін – өзі ұсынған Сабиров Марат Кайратович 216 дауыс, бәріне қарсы 4 дауыс берілді. Басым дауыспен «AMANAT» партиясынан ұсынылған Бимендиев Галым Абдрашұлы Қарақұр ауылдық округі әкімі болып сайланды.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



жүргізілді. Бұл байқауға М.Ергешова, А.Асенова жетекшілік етіп, «Самұрық шаңырақ» сыныптары өнер көрсетті.

«Әкешім-бәйтерегім» тақырыбындағы ашық тәрбие сағаты да қатысушылар көңілінен шықты. Тәрбие сағатына А.Жұбаева, Ж.Сатыбалдиева, А.Өтепова, А.Қарабаева жетекшілік жасады. Мұнда әкенің жанұядағы роліне жалпы, әке мерейін қалай биіктетсе болады деген идея жүзеге асты. Әкелер жайлы жақсы әңгімелер айтылды. Бейнекөріністер көрсетілді. Мақсатты бағыттағы семинар сәті келушілерге ұнады.

Мұнан кейін «Әке алтын діңгек» (бала тәрбиесіндегі әкенің әрекеті) тақырыбында

Созақтағы семинар

Өткен жұмада Созақ ауылындағы Созақ мектеп гимназиясының акт залында «Асқарым бар өте биік «Әке» деген тақырыпта облыстық семинар болып өтті. Семинарға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, Ақсақалдар кеңесінің төрағасы, ауданның Құрметті азаматы, зейнеткер ұстаз Берік Тұрғанбаев, әкелер мектебінің төрағасы А.Тоқтыбаев, аудандық «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, ардагер ұстаздар мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасарлары, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Жақсыбаев, ауылдық ақсақалдары, ауыл тұрғындары қатысты.

Семинардың мақсаты: «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында құрылған «Әкелер мектебінің» маңыздылығын таныту арқылы бала тәрбиесіндегі әкелердің жауапкершілігін арттыру, әке ролін көтеруге бағытталған пікірталас алаңын құру. Сондай-ақ, бала бойында тәртіп, жауапкершілік, еңбекқорлық, шығармашылық қабілеттері, салауатты өмір салтын қалыптастыруда әкелермен өзара тәжірибе алмасу, ой бөлісу, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттауда үздік тәжірибелер мен идеялар ұсыну болды.

Семинарды мектеп директоры А.Ұлымбаева ашып, келген қонақтарға семинардың мақсатын баяндап, жұмыс ретімен таныстырды.

Мектепке кіре берісте домбыра үйірмесінің ұйымдастыруымен құрылған оркестр күмбірлете күй тәгіп, әуелете ән шырқап, қонақтарды қарсы алды. Мектеп ұжымы кел-

ген қонақтарға меймандостық танытып, білім ұясының фойесіне қойылған көрмені аралап көрсетті. Көрме «Менің әкем мен үшін дара тұлға» деп аталған.

Мұнан соң семинардың салтанатты ашылуы болды. Мектеп директоры Айсұлу Ұлымбаева ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ашылу сәтінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, облыстық білім беруді дамыту орталығының және психологиялық кафедрасының әдіскері Рәпия Басқараева, аудандық білім бөлімінің әдіскері Ерік Досболов сөз сөйледі.

Бұдан кейін семинардың практикалық кезеңі басталды. Семинарға қатысушылар топ-топқа бөлініп жеке дәріске кірді. Әуелі «балаларға үлгі болар әке бейнесі-әдебиет арнасында» айдарымен мектеп оқушыларының ой-толғаныстары, оқыған шығармаларындағы әке бейнесі жайлы таныстырылым болды. Оған А.Арыстанбек жетекшілік етті. Семинар барысында «Қоғамдағы отбасы мен мектеп тәрбиесінің ынтымақтастығы» тақырыбында коучинг өткізілді. Оған А.Жұбаева, Қ.Ескерова жетекшілік жасады. Коучинг үстінде әрбір топ өзара пікір алмасып, түрлі танымдық сабақтарға қатысты. Мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарлары мен келген қонақтар тәрбие тақырыбында ойларын ортаға салды. Қызықты сұрақтар қойып, бірін-бірі пікір сайысқа шақырды. Әрбір топта қызықты шаралар болды. Бірі ән айтса, екіншілері түрлі ситуациялық сұрақтарға жауап беріп жатты.

«Әкем және мен» айдарында «Үздік стартап» байқауы

сыр-сұхбат өткізілді. Бұл тақырыптағы бөлімге Д.Жұмадилова, Ш.Орманов жетекшілік етті.

«Арқамда асқар тау боп сен тұрасың» деген әдебиет-сазды кеште қатысушылар көңілінен орын тапты. Сазды кешті Г.Нұрбекова, Г.Ергешова ұйымдастырды. Мектептің өнерпаздары ән салды, би биледі. Талантты оқушылар өздері шығарған өлеңдерін оқыды.

Әке

Әке, сенің жасыңнан асып барам,

Кезі-кезі келгенде тасып та алам,

Кезі-кезі келгенде жасып қалам,

Мына өмірге, бәрібір, ғашық балаң.

Құры алақан емеспін қуаныштан,

Қуаныштар алдымда құрақ ұшқан.

Бір арыстан өмірден өткенімен,

Өмір сүріп келеді тірі арыстан.

Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,

Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.

Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,

Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын,-

деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай «Асқарым бар, өте биік «Әке» деген облыстық семинарға «Созақ» жалпы орта мектеп-гимназиясының ұжымы тиянақты дайындалғанын көрсетті.

Шарадан үлкен әсермен тарастық.

Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

ҚҰРЫЛТАЙҒА ҚАТЫСЫП ҚАЙТТЫ

Мамырдың 12-і күні Алматы қаласындағы опера және балет театрының ғимаратында Қазақстан Жазушыларының 16-шы Құрылтайы өтті. Оған ауданымыздағы Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері -Тұмартай Дінтайұлы, Гүлнар Өмірбек және Мақсат Қарғабай делегат боп қатысып қайтты.

Одақтың жаңа төрағасы болып жазушы Мереке Құлкенов сайланды.

Жерлес қаламгерлерге шығармашылық шабыт тілейміз!



«Созақ үні»-ақпарат.

ҮЛГІЛІ ОТБАСЫ



Мереке қарсаңында полиция майоры көпбалалы отбасыны құттықтап қайтты. Жыл сайын 15 мамырда бүкіл әлемде отбасы күні тойланады. Созақ аудандық полиция бөлімі Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры Айжан Манапова көпбалалы

анамыздың үйіне арнайы барып, мерекелік сый-сияпаттар табыстап абзал жандарға алғыстарын білдірді. Полиция қызметкерлеріне алғыстары шексіз екендіктерін айтып, отбасыларына амандық дендеріне саулық қызметтеріне табыс тіледі.

«Созақ үні»-ақпарат.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

12-15 мамыр аралығында Ақтөбе қаласы, «Жастар Арена» спорт кешенінде белбеу күресінен халықаралық турнир өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Марат Оспановты еске алуға арналған Гран-при турниріне елімізден өзге көршілес Ресей федерациясы мен Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан мемлекеттерінен 200-ден аса спортшылар қатысып, кіл мықтының арасынан кім мықтыны анықтады. Байрақты бәсекеде ел намысын қорғаған Созақ ауданының спортшылары жарысты жоғары нәтиже-



мен аяқтады.

Сайыс қорытындысы бойынша Құлманбетов Айдос 90 келі салмақта күрестің классика түрінен I орын алса, еркін түрінен III орынға табан тіреді.

Сондай-ақ Берікбай Дамир 68 келі, Бейсембі Асылбек 57 келі, Нышанбай Болат 62 келі салмақ дәрежесі бойынша күрестің қола жүлдегерлері атанып, еліміздің мерейін үстем етті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 қазандағы №698 жарлығымен қоғамдағы Адам еңбегінің беделін өсіруге, өндіруші еңбекті ынталандыруға, мамандықтарды насихаттауға және өндіріс саласына жастарды тартуға, жұмыс әлеуетіндегі көпжылдық дәстүрді нығайту мақсатында Елбасының Жалпы ортақ Еңбек Қоғамын құру идеясын нығайту шеңберінде қыркүйек айының соңғы жексенбісі «Еңбек күні» болып бекітілген. Еңбек күніне орай «Еңбек жолы» конкурсы өткізіледі.

Барлық меншік түріндегі кәсіпорын қызметкерлері (саласына қарамастан) конкурсқа қатыса алады.

Келесі номинациялар бойынша конкурс өткізіледі.

1) Үздік еңбек әулеті. (Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.)

2) Өндірістің үздік жас маманы. (Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады.)

3) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері. (Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.)

Анықтамалар үшін телефон: 87254642505, 4686 Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Құрметті Созақ ауданының жұмыс берушілері «Еңбек жолы» конкурсына қатысыңыздар!

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдар Тұңғыш Президент- Елбасының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» және «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақалаларын іске асыру шеңберінде өткізілетін және үздік еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлерін айқындауға бағытталған «Еңбек жолы» конкурсын (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін регламенттейді.

Конкурсты өткізу мақсаттары:

1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;
2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жақсарту;

3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;

5) «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» аясында еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

2. Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

3. Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

4. Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

1) Үздік еңбек әулеті.

Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

2) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері. Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.
3) Өндірістің үздік жас маманы. Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады;

2-тарау. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ұйымдастырушылар) конкурсты ұйымдастырушылар болып табылады.

6. Ұйымдастырушылар қамтамасыз етеді:
1) барлық үміткерлер үшін тең жағдайларды;
2) коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттың құпиялығын;
3) конкурс нәтижелері туралы мәліметтерді ресми жарияланған күннен бұрын жарияламауды қамтамасыз етеді.

7. Конкурсқа қатысушылар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына екі дана да қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінішті;
2) жеке куәліктің көшірмесін;
3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан артық бейнероликті (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);
4) конкурс туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);

6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері):

мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

3-тарау. Конкурсты өткізу тәртібі

8. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жыл сайын конкурсты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі тиісті жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекітеді.

9. Конкурс жеңімпаздары осы Әдістемелік ұсынымдарға 1-қосымшаға сәйкес іріктеу критерийлеріне сәйкес айқындалады.

10. Конкурсты өткізу мерзімдері:

1) наурыз – конкурстың басталуы туралы хабарландыру;

2) жыл сайын 1 шілдеге дейін – жергілікті атқарушы органдардың өтінімдерді қабылдауы;

3) жыл сайын 10 тамызға дейін – жергілікті атқарушы органдардың жергілікті атқарушы органдар жанындағы конкурстық комиссиялардың шешімдерін, конкурсқа қатысуға үміткерлердің өтінімдерін бір данада Министрлікке жіберуі;

4) қазан – қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау.

11. Конкурсқа қатысуға өтінімдер бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жарияланған сәттен бастап ұсынылады.

12. Конкурс жеңімпаздарына тиісті диплом және - 1 орын үшін – 1 000 000 (миллион) теңге;
- 2 орын үшін – 500 000 (бес жүз мың) теңге;
- 3 орын үшін – 200 000 (екі жүз мың) теңге сомасына ақшалай сертификаттар беріледі.

4-тарау. Конкурс комиссиялары

13. Конкурс жеңімпаздарын іріктеу үшін:
- жергілікті атқарушы органдар жанындағы «Еңбек жолы» конкурсының өңірлік кезеңінің жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – өңірлік комиссия) құрылады.

Өңірлік комиссия өңірлік кезең конкурсының жеңімпаздарын оның қатысушылары арасынан айқындайды;

- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы «Еңбек жолы» конкурсының республикалық кезеңінің жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – республикалық комиссия) құрылады.

Республикалық комиссия конкурстың өңірлік кезеңінің жеңімпаздары арасынан республикалық кезеңнің жеңімпаздарын айқындайды.

14. Комиссия:

1) Комиссия төрағасынан;
2) комиссия төрағасы орынбасарынан;
3) Комиссия мүшелерінен;
4) Комиссия хатшысынан құралады.

Комиссиялардың лауазымдық құрамы осы Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Конкурсқа қатысушы комиссияда бола алмайды.

15. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарда төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

Комиссия отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Комиссия шешімдер қабылдаған кезде даулы мәселелер туындаған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

16. Комиссия хатшысы комиссия мүшелерінің қарауына жұмыс органы дайындаған құжаттар мен материалдарды ұсынады.

17. Комиссиялардың міндеттері қатысушылардың материалдарын қарау және конкурс жеңімпаздарын анықтау болып табылады.

18. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

19. Министрліктің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті Комиссияның республикалық деңгейдегі жұмыс органы болып табылады.

Өңірлік деңгейде жұмыс органын жергілікті атқарушы орган айқындайды.

20. Комиссияның жұмыс органына мынадай функциялар жүктеледі:

1) конкурстарды өткізу мерзімдері мен шарттары туралы бұқаралық ақпарат құралдары мен конкурсты ұйымдастырушылардың ресми веб-сайттары арқылы хабардар ету;

2) комиссия отырыстарын дайындау және ұйымдастыру;

3) конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастыру;

4) конкурс жеңімпаздарының тәжірибесін таратуға жәрдемдесу.

21. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі жыл сайын «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай» республикалық форумы аясында өткізіледі.

22. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары конкурстың өңірлік кезеңін өткізу процесін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді және конкурстың республикалық кезеңіне қатысу үшін ұсынылатын қатысушылардың тізімін жариялауды қамтамасыз етеді.

23. Конкурстық материалдарда қамтылған және бағалау барысында алынған ақпарат құпия болып табылады және үміткердің жазбаша келісімінсіз оны бағалаудан басқа өзге мақсаттарда пайдалануға болмайды.

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға 1-ҚОСЫМША

«Еңбек жолы» конкурсы бойынша жеңімпаздарды іріктеу критерийлері

«Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша:

1. Әулеттің барлық өкілдері алған мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, сондай-ақ мадақтау қағаздарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің алғыс хаттарының саны;

2. Әулет өкілдері болып табылатын отбасы мүшелерінің және олардың туыстарының жалпы саны;

3. Еңбек әулетінің әулет басшысының еңбек қызметі басталған күннен бастап конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін құжаттар топтамасын ұсынған күнге дейінгі кәсіптегі жалпы еңбек өтілі.

«Өндірістің үздік жас маманы», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациялары бойынша:

1. Өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға қосқан үлесі;

2. Өз жұмысына қатысты адалдық;

3. Ұйымдастырушылық және коммуникативтік қасиеттерінің болуы;

4. Еңбегі үшін бірнеше рет көтермелеудің болуы (дипломдар, грамоталар, алғыстар);

5. Бастамашылық ұсыныстардың болуы;

6. Кәсіби қызметтен тыс шығармашылық мүдделердің болуы;

7. Білім деңгейі, оны арттыруға деген ұмтылыс;

8. Жұмыс орнындағы жеке жетістіктері;

9. Өз жұмысын орындау сапасы;

Жоғарыда аталған критерийлердің талаптары сақталмаған жағдайда Комиссия қатысушыларға ұсынылған материалдарды қайтара алады.

Методические рекомендации по проведению конкурса «Еңбек жолы»

Глава 1. Общие положения

1. Настоящие Методические рекомендации регламентируют порядок организации и проведения конкурса «Еңбек жолы» (далее – конкурс), который проводится в рамках реализации программных статей Первого Президента-Елбасы «Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к обществу всеобщего труда» и «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и направлен на определение лучших трудовых династий и работников производства

Цели проведения конкурса:

- 1) сохранение преемственности поколений;
- 2) формирование позитивного общественного мнения о людях труда и создание условий для формирования новых трудовых династий на предприятиях и организациях;
- 3) воспитание у казахстанцев гордости за достижения соотечественников, внесших значительный трудовой вклад в развитие экономики Республики Казахстан;
- 4) воспитание молодежи в духе уважительного отношения к труду, сохранения и приумножения трудовых традиций;
- 5) повышение статуса Человека труда в обществе и стимулирования производительности труда под эгидой «Общества всеобщего труда».

2. Конкурс проводится ежегодно в 2 (два) этапа: региональный и республиканский.

3. В конкурсе могут участвовать все работники предприятий, вне зависимости от отрасли, за исключением государственных служащих.

4. На основании представленных участниками конкурса материалов республиканская и региональные комиссии по определению победителей конкурса определяют победителей по следующим номинациям:

1) Лучшая трудовая династия.

В данной номинации выбирается самая многочисленная династия с самым продолжительным трудовым стажем, имеющая наибольшее количество наград.

Трудовая династия – группа работников одной организации, представляющая два и более поколения близких родственников одной семьи (один или оба супруга совместно с детьми или внуками), осуществляющая трудовую деятельность в настоящее время и имеющая суммарный стаж работы на данном предприятии не менее 20 лет. Главой династии признается представитель трудовой династии, ранее всех начавший трудовую деятельность.

Трудовая династия должна принимать активное участие в общественной жизни аула, района (города, области), содействовать профессиональной ориентации молодежи, пропагандировать свою профессию;

2) Лучший наставник работающей молодежи.

В данной номинации выбирается самый высокоэффективный наставник со стажем работы не менее 20 лет.

3) Лучший молодой работник производства.

В данной номинации выбирается самый активный и трудолюбивый работник производства со стажем работы не более 5 лет;

Глава 2. Порядок организации конкурса

5. Организаторами конкурса являются Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, местные исполнительные органы (далее – организаторы).

6. Организаторы обеспечивают:

- 1) равные условия для всех претендентов;
 - 2) конфиденциальность информации, представляющей коммерческую тайну;
 - 3) неразглашение сведений о результатах конкурса ранее даты официального объявления.
7. Участники конкурса оформляют и представляют местным исполнительным органам областей, городов республиканского значения и столицы следующие материалы в двух экземплярах на бумажном и электронном носителях:

- 1) заявление об участии в конкурсе в произвольной форме с указанием номинации;
- 2) копия удостоверения личности;
- 3) видеоролик по теме номинации не более 1-2 минут (с демонстрацией рабочего места и навыков, при желании);
- 4) компьютерная презентация не более 1 минуты (в формате Microsoft Power Point) о конкурсанте (работа, семья, увлечение, хобби и т.п.);
- 5) копия трудовой книжки и иных документов, подтверждающих стаж работы каждого представителя трудовой династии или работника заверенная работодателем (справка с места работы);
- 6) рекомендательное письмо от работодателя или профсоюза.

При наличии (копии следующих документов): копии государственных или ведомственных наград, грамоты, благодарственные письма сертификаты о повышении квалификации (при наличии).

Документы на конкурс представляются на государственном или русском языках.

Глава 3. Порядок проведения конкурса

8. Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан (далее – Министерство) ежегодно утверждает план мероприятий на соответствующий год по организации и проведению конкурса.

9. Победители конкурса определяются в соответствии с критериями отбора согласно приложению 1 к настоящим Методическим рекомендациям.

10. Сроки проведения конкурса:

- 1) март – объявление о начале конкурса;
- 2) до 1 июля ежегодно – прием местными исполнительными органами заявок;
- 3) до 10 августа ежегодно – направление местными исполнительными органами в Министерство решений конкурсных комиссий при местных исполнительных органах, заявок претендентов на участие в конкурсе в одном экземпляре;
- 4) октябрь – подведение итогов, награждение победителей.

11. Заявки на участие в конкурсе предоставляются с момента опубликования объявления в средствах массовой информации.

12. Победителям конкурса вручаются соответствующий диплом и денежные сертификаты на сумму:

- за 1 место – 1 000 000 (миллион) тенге;
- за 2 место – 500 000 (пятьсот тысяч) тенге;
- за 3 место – 200 000 (двести тысяч) тенге.

Глава 4. Конкурсные комиссии

13. Для отбора победителей конкурса создаются:

- комиссия по определению победителей регионального этапа конкурса «Еңбек жолы» при местных исполнительных органах (далее – региональная комиссия).

Региональная комиссия определяет победителей конкурса регионального этапа из числа его участников;

- комиссия по определению победителей республиканского этапа конкурса «Еңбек жолы» при Министерстве труда и социальной защиты на Республики Казахстан (далее – республиканская комиссия).

Республиканская комиссия определяет победителей конкурса республиканского этапа из числа победителей регионального этапа конкурса.

14. Комиссия состоит из:

- председателя комиссии;
- заместителя председателя комиссии;
- членов комиссии;
- секретаря комиссии.

Должностной состав комиссий определяется согласно приложению 2 к настоящим Методическим рекомендациям.

Участник конкурса не может состоять в комиссии.

15. Председатель комиссии руководит ее деятельностью, председательствует на заседаниях, планирует ее работу, осуществляет общий контроль за реализацией ее решений. Во время отсутствия председателя комиссии его функции выполняет заместитель.

Заседание комиссии считается правомочным при участии не менее двух третей от общего чис-

ла ее членов.

В случае возникновения спорных вопросов при принятии комиссией решений голос председателя комиссии является решающим.

16. Секретарь комиссии представляет на рассмотрение членам комиссии документы и материалы, подготовленные рабочим органом.

17. Задачами комиссий являются рассмотрение материалов участников и определение победителей конкурса.

18. Решение комиссии принимается открытым голосованием и оформляется протоколом.

19. Рабочим органом комиссии на республиканском уровне является Департамент труда и социального партнерства Министерства. На региональном уровне рабочий орган определяется местным исполнительным органом.

20. На рабочий орган комиссии возлагаются следующие функции:

- 1) информирование о сроках и условиях проведения конкурсов через средства массовой информации и официальные веб-сайты организаторов конкурса;
- 2) подготовка и организация заседаний комиссии;
- 3) организация церемонии награждения победителей конкурса;
- 4) содействие распространению опыта победителей конкурса.

21. Церемония награждения победителей конкурса проводится ежегодно в рамках республиканского форума «К Обществу Всеобщего Труда».

22. Местные исполнительные органы областей, городов республиканского значения и столицы обеспечивают освещение в местных средствах массовой информации процесса проведения регионального этапа конкурса и опубликование списка участников, рекомендуемых для участия в республиканском этапе конкурса.

23. Информация, содержащаяся в конкурсных материалах и полученная в ходе оценки, является конфиденциальной и не может быть использована в иных целях, кроме оценки претендента, без его письменного согласия.

ПРИЛОЖЕНИЕ 1к
Методическим рекомендациям
по проведению конкурса «Еңбек жолы»

Критерии отбора победителей конкурса «Еңбек жолы»

По номинации «Лучшая трудовая династия»:

1. Количество государственных или ведомственных наград, а также грамот, благодарственных писем органов местного самоуправления, профсоюзов, работодателей, полученных всеми представителями династии;

2. Общее количество членов семьи и их родственников, являющихся представителями династии;

3. Общий трудовой стаж представителей династии в профессии с даты начала трудовой деятельности главы династии до даты представления пакета документов для участия во втором этапе конкурса.

По номинациям «Лучший молодой работник производства», «Лучший наставник работающей молодежи»:

1. Вклад в развитие своих профессиональных навыков;

2. Добросовестность по отношению к своей работе;

3. Наличие организаторских и коммуникативных качеств;

4. Наличие неоднократных поощрений за труд (дипломы, грамоты, благодарности);

5. Наличие инициативных предложений;

5. Наличие творческих интересов вне профессиональной деятельности;

6. Образовательный уровень, стремление к его повышению;

7. Личные достижения на месте работы;

8. Качество выполнения своей работы;

В случае несоблюдения требований вышеперечисленных критериев комиссия может вернуть участникам представленные материалы.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың қырылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-бүгінгі күн талабы

әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Сондықтан, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін, мемлекет пен азаматтық қоғамның арасында тығыз ынтымақтастықты орнату қажет. Қоғамның барлық күш-жігерін бірік-

тіріп, сіз бен біз бірігіп осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруымыз қажет. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсемізді тік көтеріп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күре-

сіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет.

Бағлан НҰРЛАНҰЛЫ,
Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Кадр қызметі және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маман-заңгері.

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС- ҰЛТТЫҚ ҚАДІР-ҚАСИЕТ

Кез-келген халықтың өзіндік дара қасиеттері болады. Ол—ұлттық болмыс. Ұлттық болмыс—ұлттық қадір-қасиет. Ол—сатылмайтын байлық. Біз үшін сатылмайтын байлық—тіліміз, дініміз, ұлтымыз, Отанымыз. Бұл байлықтар біз үшін бәрінен де жоғары. Қазіргі таңда біз осы ұлттық болмысымыз бен құндылығымыздан айырылып барамыз. Бізде өз-өзімізді сақтау тетігі жұмыс істемей келеді. Атам қазақ шыққан тегін білмеген адамды—«тексіз», тарихына тұшынып көрмеген адамды—«көргенсіз» деген. Тексіз болу—анаңнан, көргенсіз болу өзіңнен. Білуге ұмтылмасақ, көргенді түйе алмасақ, көптің мүддесіне үлес қоса алмасақ, адамдықтан не пайда? Міне, осы кезде біздің ойымызға Мұхтар Әуезұлының: «Ел болам десең, бесігіңді түзе»,—деген сөзі есімізге түседі.

Алайда қазақ ұлтының өмір сүру жолында елдің түсінігіне айналған ұғым өнеге. Өнегені ата бабаларымыз ұлттың өмірін жалғайтын дүние деп түсінген. Аға ұрпақ буынның тектілігінен туған қасиеттер, қазақ зиялыларының тарихы, қазақтың тәрбиесі, балаға үйреткен әсиеті уақыт өте келе ұлттың дүниесіне айналып отырады. Бұның мәні өмір болмысын ақыл биігінен зерделеп, өмір сүруде ұлт болашағына сауаттылықпен қараған ата-бабаларымыздың рухани деңгейімен өлшенеді.

Бала тәрбиесіне ерекше мән берген қазақ ұлты тәрбиесіндегі білімді баланың санасына жеткізетін өнер түрлерін шығарған. Бесік жыры, әңгіме, ертегі, қиял ғажайып ертегілерді балаға әңгімелеп беру қазақтың бала тәрбиесіндегі ерекше орын алатын ұстанымы. Ертегі әңгімелерді балаға қазақтың үлкен адамдары әңгімелейді. Бала балаға ертегі үйретпеген, ананың балаға айтқан бесік жыры баланың жан дүниесіне тілдік, мейірімнің рухын ұялататын дүние. Ата-ананың мейіріміне бөленіп, оларға жақын өскен бала отанына, дәстүріне жақын өседі.

Адамзат тарихында тұңғыш рет медицина ғылымының негізін салған Ибн Сина балаға алғашқы тәрбие, ем ананың үнімен беріледі деген. Жоғарыда айтқанымыздай жырдағы өнегені жастайынан тыңдап өскен бала өмірге құштар келеді, ол үшін өмірдің бұрышындағы әр бір қиындық ақылмен шешілетін, ерік жігермен жеңілетін, төзіммен өтілетін нәрсе. Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, «Адамның өзін тануы, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе жастардың басында: олар тәжірибесіз, олар көңілі, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынамайды. Өмір жолдары тараулы. Жастар тоқсан жолдың торабында: қай жолға түсерін білмей, дағдарыды. Егер жазатайым болып, теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді». Адам өзін сынау үшін оған өмірден сабақ үйрететін тәжірибе, білім қажет. Ал қазақтың балаға үйреткен тарихи дүниелерінде, ертегілерінде, аңыз әңгімелерінде өмірдің тәжірибесі мен білімі мол. Қазіргі таңда балапан басымен, тұрымтай тұсымен болып кеткен заманда ата-аналар, ұл-қыздарын түрлі жекеменшік мектептер, қайырымдылық мекемелеріне беріп қойып отыруда. Одан қала берсе түрлі деструктивті діни ағымдар жетегінде. Сонда ұлттық болмысымыз бен ұлттық құндылықтарымыз қайда кетті. Тек өз қарақан басымызды ғана ойлап, құлқынның құлы болуды қою керек.

Жастайынан ел өмірімен баланы таныс қылу, ел тұрмысын, ел тұрмысындағы елдің болмысын, дәстүрін баланың санасына жеткізу ата-ананың тектілігі, бұл дәстүр ұрпақты тектілікке бағыттайды. Себебі тектілік қазақты тәрбиенің негізгі күші. Ұлтының төл құндылықтарын жастайынан санасына сіңіріп өскен бала ұлттық санамен есейеді. Ұлттық санамен есейген қазақ тұлғаларының өмірінде ғынатынымыз ұлттық тәрбиемен рухы жетілген жастар болашағына елінің мүддесі тұрғысынан қарап, ұлтының тағдырына ара түсетін, игілігіне қызмет ететін тұлға деңгейіне жетеді.

Қорыта келе адам баласына ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың — қас жауы», — деп бекер айтпаған. Қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі ұрпақ тәрбиесі—ұлт болашағы. Ежелгі грек философы: «Ұлтыңды сақтаймын десең—қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең—ұлыңды тәрбиеле»,—деген.

Ұрпақ тәрбиесі — бұл болашақ тірегі. Біздің мақсатымыз—қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес жан-жақты үйлесімді тұлға қалыптастыру. Сондықтан біз ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, онда ол тұлға ретінде дұрыс қалыптасып, жетіледі, яғни жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өседі. Сол себепті әрбір ата-ана болашақ ұрпағын өз отбасында тәрбиелеу керек. «Ақылды қария — жазып қойған хатпен тең»—деп бекер айтпаған. Майқы би бабамыз: «Өзімізді-өзіміз қыратын заман болады екен, шығыстан келер сақал өз жұртымызға аз қорлық көрсетпейді екен. Талайдың қанын жүктейді екен. Елімізді енді мен үш жылдан кейін өлген соң, мың жеті жүз жыл кейін жұлбар шегір сарылар басқарар болар»,—деп айтып кеткен.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің басшысы.

Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзақ — сонар тарихы болады. Содан әр ел өмірлік сабақ алып, келешегін жоспарлайды. Тамырын тереңнен таратқан қазақ халқының алмағайып замандарда жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел, жоралы жұрт қалпын, дінін сақтап қалғаны—оның еркіндікке ұмтылған ерік-жігерінің, асқақ рухының, отансүйгіш иманы мен ибалылығының арқасы. Еліміз еге-

халқының дүниетанымында адамгершілік-имандылық, ар-ұят, кісілік қасиеттері жоғары бағаланған. Ол бір жағынан шығыстық менталитетімізге жақын келсе, екінші тұрғыдан имандылық пен инабаттылық халқымызға Алланың нәсіп еткен қасиеттері деп білеміз, олардың Ислам дінінен бастау алатындығы маңызды. Аталмыш мәселелердің барлығын толық дәрежеде шешіп, сұрақтардың бәріне нақты жауап

интернет дәуірі болып табылады. Бұл замана жетістіктері жер шарындағы барлық адамзат баласына ортақ. Әлемге деген адамның құндылықтық қарым-қатынасы бүгінгі таңда адамның жеке өзін қорғау контекстінде өте өзекті, себебі адамның жеке тұлғалық қасиеттерін сақтау арқылы сол адамның өмір сүріп отырған ортасындағы мәдениет сақталады. Осы тұрғыдан рухани және адамгершілік құнды-

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМИ МӘДЕНИЕТ

мендігін алып, дінімен, дәстүрімен қайта қауышты. Біз дін мен дәстүрді даналықпен үйлестіріп, өнегелі өмір сүрген халықпыз. Бұл—бабаларымыздан келе жатқан сара жол. Қазақтың салт-дәстүрлері Исламның асыл құндылықтарымен біте қайнасып кеткен. Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтқан хадистер қазақтың нақылына айналып, халқымыздың таным-түсінігімен қабысып, тұрмыс-тіршілігімен ұштасып кеткені ешкімге жаңалық емес.

Адамның бойындағы ислам құндылықтары жалпы этикалық ұғымдармен тікелей байланысты. Қазақ қызы, қазақтың өнегелі анасы, ақсақалы, бәйбіше, бозбала, бойжеткен, аға мен жеңге, абысын, ене ұғымдары ұяңдық, кішіпейілдік, татулық пен дархан көңілге егіз ұғым іспетті. Тарихи деректерден ұғатынымыз қазақ

беру өте қиын.

Исламның қазақ даласына енген алғашқы, әрі одан кейінгі кезеңдерінде дүниетанымдық көпқырлылығы, әсіресе, адамгершілік мәселелері адамның күнделікті тіршілігінде ғана емес, даланың ұлы дана ойшылдарының философиялық тұжырымдарында да көрініс тапты.

Қазақстан — көпұлтты және поликонфессионалды мемлекет. Ислам Қазақстанды мекендейтін түрлі этностар арасында басымдыққа ие дін ретінде қазақстандық қоғамды біріктіру жолында маңызды роль атқарады.

Біз өмір сүріп жатқан күрделі әрі қарама - қайшылықтарға толы бұл ғасыр өткен ғасырлардан мүлде ерекше. Себебі ол технологиялық, ақпараттық-коммуникациялық төңкеріс, спутниктер, бағдарламалар және клондау, жаһандану әрі

лықтарының қайнар көздерін зерттеу олардың ислам құндылықтарымен байланысын анықтау, сонымен қатар ислам құндылықтарының антологиялық мәртебесіне сипаттама жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ислам құндылықтарының шынайы мағынасының кең арнада тұжырымдалуы қазақ халқының сан ғасырларын қамтыған ел намысын, мұратын, ерлігін, тіршілігін, парызын, «Отанды сүю — иманнан» деген басты мәдени құндылығын жырлаған ұлттың дана сөздерінің асыл маржандарының көркем сипаты ұлттық идеологиямыздың кәусар бұлағы іспетті.

А.ЖОЛДАСҚЫЗЫ,
«Қоғамдағы дін қатынастарын зерттеу» бөлімінің маманы.

УАҚЫТ ПЕН ӨМІРДІҢ ТЕЗ ӨТУІ

Дүниені жоғалтсаң орнын толтыруға болады, алайда уақыттың орны толмайды. Ақын Мұқағали атамыз айтқандай:

Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?

Бәрі өтеді дәуірлер, замандар да.

Менің жаным ашиды мына өмірді

Өтпейтіндей көретін адамдарға.

Өтеді ғой...

Өтеді ғой барлығы да.

Күн арқалап кетеді таңды мына.

Менің жаным ашиды барлығына

Таң нұрына, адамның тағдырына.

«Көктемнің бір күні — жылға азық»,—дейді халық. Ендеше жастықтың бір күні — сенің бүкіл өміріңе азық деуге болады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «Адам баласы бұл дүниеде екі нәрсенің қадірін білмейді. Ол екі нәрсе: денсаулық және бос уақыт»,—деген екен.

Уақыт бәрін өзгертеді; махаббатты, сезімді, ойды, арманды, бақытты, заманды, көңіл-күйді, дертті, адамды. Бүгінгі уақытпен өмір сүр, ертеңгі күнге үмітпен қара. Ең қиын жоғалту—уақытты жоғалту. Ақша—қымбат, өмір—қымбаттырақ, ал уақыт—одан да қымбат. Сөзім мен күшке қарағанда, уақыт пен сабырлық көп нәрсе береді.

Жыл деген ат басын бұрғанша Ай деген аунап тұрғанша. Заман айнаса — замандас.

Пенде баласы уақытқа тәуелді. Өйткені оған шектеулі ұғым берілген. Адамның өмірі — туылған сәті мен өлім аралығындағы мерзім. Сол себепті, уақыттың құны ерекше. Ешнәрсені пайымдамайтын парықсыз пенде ғана өзіне берілген шектеулі уақыттың бағасын ескермейді. Өтіп жатқан әрбір сәт өміріміздің қайтып келмес бөліктері. Адам қымбат, бағалы бұйымдарын, алтын немесе ақшасын жоғалтса, оны тауып, орнын толтыра алады. Ал өткен уақыт қайта айналып келмейді. Мысалы, Абай атамыз:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Нәмишә өмір өтпек ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрпаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман...-

десе, Шығыстың шайыры Ахмад Шауһи:

Жүрек айтар: бір сәт тоқтап тұра алман,

Тұрмайды өмір қызық пенен құмардан.

Ескертемін, ей адамзат, өмірің

Минуттар мен секундтардан құралған...-

дейді.

Өнастан жеткен риуаятта Алла расулы айтады: «Уақыт тым тез жылжымай, ақырзаман келмейді. Жылдың ұзақтығы айдай, ай аптадай, апта күндей, күн сағаттай, сағат оттың жанып біткеніндей тез өтеді». Аталарымыз:

Уақыттан асқан билік жоқ,

Уақыттан озған жүйрік жоқ,

Адамға Алла бұйыртқан

Уақыттан қымбат сыйлық жоқ.

Уақытты бағалай алмайтын адамды Абай атамыз: «Білмеген — сөзге, қайғысыз отыр, тамағы тойса — жатуға»—деп теңеген екен.

Әбіш Кекілбаев: «Уақыттың өтетіні рас, көп нәрсенің ұмытылатыны рас. Бірақ өмір бірақ рет беріледі деген өзіміз білетін қағида бар. Ол қандай заманда, қандай жағдайда өтсе де бәрібір қымбат. Сондықтан өз басым өткенге екпе жүрмейді деп ойлаймын. Өткенге тек тәубе жүреді деп ойлаймын»,—деп бекер айтпаған.

Бір данышпанның мынандай бір қанатты сөзі бар: «Кешегі күн өтіп кетті. Ертеңгі күн белгісіз. Сондықтан бүгінгі күннің құны мен қадірін біл». Расында да, біз өтіп жатқан уақыттың құнын біле бермейміз. Көбінесе, уақыт өтіп кеткеннен кейін ғана «ah» ұрамыз. Демек уақыт—адам баласына берілген өткізгі бағалы заты. Уақыт қайта айналып келмейді. Халқымыз уақытты дүниедегі ең қымбат құндылық болғандықтан да алтынға балайды. Алтының әзірше өзінде. Оған басқалар көз салмасын десең, дұрыстап сақта. Уақытты көбінесе жаман әдеттер мен қылықтар құртады.

Қорыта келе Абайдың 15-қара сөзінде: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса, жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен есеп ал»,—деп әдемі келтірген.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,
Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің басшысы.

Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 30 мамыр күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

Күн тәртібінде

1. Жерді тиімді пайдалану және жер қатынастарын реттеу. Аудан әкімдігінің жер қатынастар бөлімінің 2023 жылдың 5 айында атқарып жатқан жұмысына талдау жасау және бастысының есебін тыңдау. (Хабарламашы; Б.Әбенұлы)

2. Созақ аудандық тіркеу және жер кадастр бөлімінің бастысының 2023 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

(Хабарламашы; Т.Асқарбеков)

3. Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

(Хабарламашы; Ә.Елібаев)

4. «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебін тыңдау.

(Хабарламашы; Ж.Әлімбаев)

5. Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 30 мамыр күні сағат 09:00-де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

БЖЗҚ

Салымшылардың таза инвестициялық кірісі 336 млрд теңгеден асты

2023 жылғы қаңтар-наурыз аралығында БЖЗҚ салымшыларының шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс 336,3 млрд теңге деңгейінде қалыптасты. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткіштерінен 40,5 млрд теңге немесе 14% артық. Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік соңғы 12 айда 6,63% болды.

Естеріңізге сала кетейік, инвестициялық кірісті қаржы құралдары бойынша сыйақы түріндегі кірістер (салымдар, «кері РЕПО» операциялары, купон немесе дисконт, акциялар бойынша дивидендтер), бағалы қағаздар, шетел валютасы, өзге де активтерді нарықтық қайта бағалау түріндегі кірістер, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және т. б. құрайды.

2014 жылдан бастап (барлық зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға біріктіру аяқталғаннан кейін) инвестициялық кіріс 7,3 трлн теңгеге жетті. Ал 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған күннен бастап бүкіл кезең ішіндегі жинақталған инфляция 702,96% болғанда, жинақталған инвестициялық кірістілік өспелі қорытындымен 751,1% көрсетті.

Зейнетақы жинақтары ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде 1 (бір) жыл кезеңінде талдаған жөнекенін естеріңізге саламыз. Қысқа мерзімді деректер (апталық, айлық және т. б.) көрсеткіш бола алмайды, өйткені, олар нарықтық жағдайда жиі ұшырасатын ауытқуларға тәуелді.

Инвестицияларды басқару мен зейнетақы активтерін есепке алудың бүкіл жүйесі қолжетімді және ашық: әрбір салымшы өзінің инвестициялық кірісінің өсу серпінін enpf.kz сайты немесе ұялы қосымшадағы Жеке кабинеттен көре алады. Зейнетақы активтерін қайта бағалау апта сайын және айдың соңғы күнінде жүргізіледі.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ (www.enpf) сайтында).

«Созақ үні»-ақпарат.

№1 колледж» МКҚК-ның әкімшілігі, ұжымы және ұжымның кәсіподақ комитеті колледждің хатшысы Ақылбекова Нурилань апасы

Исабекова Бейсенкүл Жұмаділқызының

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақтың ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлы қоғамдағы жемқорлық жайын назардан тыс қалдырмаған тұлғалардың бірі. Жемқорлықпен күрестегі бейқамдық пен әрекетсіздік халық наразылығын тудырушы маңызды факторлар болып табылады. Сонымен, сыбайлас жемқорлық қоғамға тек зиянын тигізіп қана қоймай, қоғамға мүлде пайда әкелмейтінін естен шығармағанымыз абзал. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әлемнің әр түрлі елдерінде әр түрлі деңгейде жүргізіліп отыр. Жемқорлықпен күресте әр мемлекеттің қолданатын әдістері ерекше болып келеді. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған уақыттан бастап сыбайлас жемқорлық

Жемқорлықпен күресейік!

қылмыстарына қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заңын қабылдады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына

сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар.

Халқымызда «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса; төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ
РМК ТО бойынша филиалы
Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.

Ботулизм ауруынан сақ болайық!

Ботулизм - жиі жағдайда жүйке жүйесін зақымдайтын, қазаға ұшырау мүмкіндігі зор, тағам арқылы улану жұқпасы. Осы ауруға жиі шалдығу қауіпі консервіленген тамақ өнімдерін жаппай пайдалану кезінде артады. Адамдардың көпшілігі өнімдерді (балық, ет өнімдерін, консервіленген көкөністер мен саңырауқұлақтар т.б.) үй жағдайында қысқа дайындағанда немесе осындай өнімдерді көшедегі рұқсат етілмеген сауда орындарына сатып алған кезде, оның өңделуі, консервілеу тәртібінің сақталмауы туралы ойлана бермейді. Етті, балықты дұрыс өңдеу, саңырауқұлақтарды, көкөністерді, жемістерді топырақтан дұрыс тазарту, өнімдерді жоғары температурада қыздыру, қайнату, қуыру керек.

Ботулизм қоздырғышының токсиндері барынша күшті улардың бірі және олар ауру тудырады. Аурушандықты тудыратын қоздырғыштың ерекшелігі: ыдыстың ішінде токсин бір жерге немесе көкөніске ғана үйіліп, жиналуы мүмкін. Міне сондықтан да бір ыдыстан бірге жеген өнімнен (саңырауқұлақ, көкөніс, балық, ет) кейбір адамдар ауырып, кейбірі ауырмай жатады.

Уланудың алғашқы белгілері өнімді пайдаланғаннан соң 2-3 сағаттан кейін, кейде 7-10 күннен кейін пайда болады. Ағзаға түскен токсин («у») көбірек түскен сайын аурудың инкубациялық кезеңі де қысқарады және ағымы да ауырлай түседі. Улану көптеген белгілерімен бірінен кейін бірі жылдам әрі жедел туындайды-әлсіздік, бастың айналуы, бас аурулары басталады. Аурудың белгілері әртүрлі болып байқалады. Ботулизм сырқатының арнайы белгісіне көздің көргіштігінің және жұтынудың бұзылу симптомдары жатады, көптеген жағдайларда аурудың алғашқы сағаттарынан бастап дамиды. Науқастар көз алдындағы «тұманға», «торға», «қылпыққа» шағымданады. Әдеттегі жазуларды оқуы қиындайды. Ботулизм кезінде температура көтерілмейді, жүрек айнуы, құсуы, іш өтуі сирек байқалады.

1. Көше саудасы орындарындағы жеке тұлғалардан үй жағдайында консервіленген өнімдерді (балық, ет өнімдерін, консервіленген көкөністер мен саңырауқұлақтар т.б.) сатып алудан аулақ болыңыз.

2. Тамақ өнімдерін сақтаудың температуралық режимін сақ-

таңыз (үй консервілерін 0-3 КС температурада сақтап, қақпағы көтерілген банкілердегі өнімді жойыңыз).

3. Үй жағдайында тамақ өнімдерін даярлау технологиясын қатаң сақтаңыз (шикізаттарды, банкілерді, азық-түліктерді жоғарғы қызумен өңдеңіз). Өнімді консервілеуде тұз, қант пен қышқылының мөлшерін тек рецепт бойынша салыңыз. Бұл токсиннің жиналмауына себепші болады.

4. Ең бастысы, үй жағдайында әзірленген кез-келген көкөніс, жеміс-жидек, саңырауқұлақтар толығымен тазартылмайтынын естен шығармаған жөн. Ешқандай рецепт ботулиндік микробтардың пайда болуының алдын ала алмайды. Сондықтан үй жағдайында дайындалған өнімді пайдаланар алдында оны ыдысқа салып, 15-20 минут қайнату керек. Қайнату үрдісі пайда болған токсинді жойып жібереді. Өнімді пайдаланар алдында қайнату-ботулизмнің алдын алудың негізгі шарасы.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБК
басшысы.

БЖЗҚ

Инвестициялық портфельді басқарушылар: қалай таңдау керек және нені білген дұрыс?

Біздің зейнетақы жинақтаушы зейнетақы жарналары мен оларға есептелген инвестициялық кірістерден тұратыны белгілі. Зейнетақы активтерін инвестициялаумен ҚР Ұлттық Банкі, ал 2021 жылдан бастап инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) да айналысады. Зейнетақы жинақтары мен міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен сенімгерлік басқарудың басты мақсаты – түрлі қаржы құралдарына инвестициялау және табыс алу.

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылғы қаңтардан бастап заңнамаға сәйкес Қазақстанның әрбір азаматы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен қалыптастырылған өзінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жеке басқарушы инвестициялық компанияларға сенімгерлік басқаруға беруге

құқылы. Бұл құқықты зейнет жасына толмаған, МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен «ең төменгі жеткіліктілік шегінен» асатын зейнетақы жинақтары бар салымшылар, сондай-ақ, сақтандыру компанияларымен өмір бойғы аннуитеттік төлемдерді қамтамасыз ететін зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасқан салымшылар пайдалана алады.

Қандай компанияларға МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының басқаруға рұқсат беріледі?

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (үкілетті орган) инвестициялық портфельді басқарушыларға ерекше талаптар әзірледі. ИПБ-лар инвестициялық портфельді басқару лицензиясына, нарықтағы табысты жұмыс және клиенттердің активтерін басқару тәжірибесіне, соңғы бірнеше жыл қорытындылары

бойынша қаржы-шаруашылық қызметтің оң нәтижелеріне, зейнетақы активтерін инвестициялауға байланысты шығындарды жабу үшін меншікті капиталдың жеткілікті мөлшеріне және т.б. артықшылықтарға ие болулары шарт. ИПБ-лар үкілетті органның тізіліміне енгізіледі. Бұдан басқа, ИПБ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы БЖЗҚ-мен шартқа отырып, БЖЗҚ және кастодиан банкпен үш жақты кастодиандық шарт жасасулары тиіс.

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша зейнетақы активтерін басқару үшін барлық талаптарға сәйкес келетін ИПБ тізіліміне бес ИПБ кірді. Олар: «Jusan invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «Halyk Finance» АҚ. Тізімдері enpf.kz сайтында орналастырылған.

«Созақ үні»-ақпарат.

Рыскелдінің ырысы еселі

«Тау баласы тауға қарап өседі» дегендей Рыскелдінің кіндік қаны туған жерде тамып, балалық шағы сол жерде өскендіктен шаруаға жастайынан бейім болып өсті. Жартытөбе ауылында мектеп бітірді. Өткен ғасырдың тоқсаншы жылы Қ.Кемелұлы атындағы орта мектептен түлеп ұшты. Бітірген жылы Шымкент қаласындағы агро техникалық колледжіге құжат тапсырып, емтихандардан ойдағыдай өтіп, студент атанды. Мұнда білікті оқытушылардың алдынан дәріс алды. Теориялық білімді практикамен ұштастырды. Оқу орнын жақсы тәмамдады. Ауылшаруашылығы маманы болып туған жеріне оралды. Елге келгеннен кейін механизатор болып, комбайн айдады. Жартытөбе өндірістік кооперативінде еңбек етті. Маман ретінде көптеген игі шаралардың басы-қасында жүрді. Жұмыс істеп жүріп, табыстың тай қазанын тасытуға үлес қосты. Бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылы кооператив тарады. Содан кейін ағайындар болып, шаруа қожалығын құрды. 2013-2014 жылдары шаруа қожалығына тіркемелі трактор сатып алды. Бір емес бірінен кейін бірін алады. «Беларусь» тракторы шаруашылыққа қолайлы болып келді. Кейін шаруа қожалығын «Камила» жауапкершілігі серіктестігі етіп құрды. Көсегенің көк жонынан тәлімі жер алып, бидай, арпа, жоңыршақ екті. Өнімі жаман болған жоқ. Егін шаруашылығына мал шаруашылығын қосымша алды. Тәлімі жерлерден мол өнім алуға қол жеткізді. Әлгі төрт түлігіне азықты өздері дайындады. Содан техникаларын көбейтті. Ауылдан қатарларына жұмысшы жігіттерді қосты. Оларға жалақы беріп, отбасын асырауға жағдай жасады. ЖШС-ке тағы да жаңа тракторлар алды. Германиядан шыққан комбайндар егіске өте қолайлы болып шықты. Егіс көлемін ұлғайтты. Үш гектарға дейінгі алқапқа жоңыршақ екті. Одан кейін арпа дақылын да көп егіп, мол өнім алды. Комбайнды өздері жүргізіп, егісті сонымен орып отырды.

Жақында арнайы ат басын бұрын Рыскелді Сапарбаев жетекшілік ететін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жұмысымен танысу үшін арнайы барған едік. Біз барғанда қызу еңбек үстінен түстік. Серіктестікке алған жерлерге арпа, бидай, жоңыршақ егумен айналысуда екен. Дала төсінде техникалар қарқынды қимыл үлгісін танытып жүр. Алқап басында Рыскелдіні (Суретте: Р.Сапарбаевтың сызғандық, Ұлы Отан соғысының ардагеріне Жеңіс мерекесі күні сый-сияпат жасаған сәті)



кездестірдік. Мән-жай сұрасқанымызда серіктестіктің жүргізіп жатқан жұмысына кеңінен тоқталды. Оның әңгіме ауанынан нағыз шаруа адамы екенін аңғардық.

Екі жүз гектарға арпа дәнін егіпті, сондай-ақ жоңыршақ да еккен. Ауа райының қолайсыздығы сәл-пәл қолбайлау болып тұрғанын алға тартты. Тәлімі жерлердің егісі жаңбырмен көгерері анық. Десе де ылғал түсу жағы кем болып жатқаны қынжылыс тудырған көрінеді. Сәуір айында жаңбыр аз жауды. Жоңыршақ аз егілген. Өйткені көктемгі жаңбыр жерге аз түсті. Күннің суығы, шығыстың желі кедергісін келтірді. Жерді кептіріп жіберді. Ылғал болмағандан кейін жерге енгізген тұқымның көгеріп, көгермеуі екі талай. Шаруа адамы мұны жақсы түсініп отыр. Десе де қарап отыруға болмайтынын түсінген серіктестік басшысы қолдағы бар мүмкіндікті пайдалануда мал шаруашылығын асылдандыруға көп көңіл бөлгендігін тілге тиек етті. Сиырдан әулие көл тұқымын алыпты. Жамбыл облысы Байзақ ауданынан алып келіпті. Үш рет алып, екі жыл сайын ауыстырып отырған. Ордабасыдан асыл тұқымды қошқар алып келіп, күйекке салған. Оны да үш мәрте ауыстырған. Нәтижесі жақсы. Мол өнім алуға мүмкіндік туған. Мал тұқымдарында жақсы өзгеріс бар. Сиырлар ет бағытында алынған.

Шаруашылықта Қамбар ата түлігі де бағылуда. Бірнеше үйір қылқұйрықтар бар екен. Қойдың бес жүз аналығы бар. Биылғы төл басына бас болыпты.

1996 жылы шаңырақ көтеріп, отбасын құрған. Тұңғыш қызы 1997 жылғы. Алматыдағы С.Аспандияров

атындағы медициналық университетті бітірген. Тұрмыс құрған. Осы қызынан жиені бар. Екіншісі ұл. Ол 1999 жылы дүниеге келген. Алматы қаласындағы агро-техникалық университетті бітірген. Аудандағы кадастар бөлімінде қызмет атқарады екен. Үшінші ұлы Алматыдағы спорт академиясының студенті. Қазақша күрес бөлімінде. Ең кіші баласы мектепте оқиды. Оқу озаты, 9 сыныпта оқып жатыр. Келіншегі бастауыш сынып мұғалімі. Шәкірттер тәрбиелеп жүр. Өзі үстіміздегі жылы аудандық мәслихатқа депутат болып сайланды. «Ауыл» партиясының мүшесі.

Халыққа пайдам тиетін шаруа жасасам деген ой оны жиі мазалайтын. Депутат болмай тұрып ауылдағы төтенше жағдайдан қиындыққа кездескен ауылдастарына қол ұшын беріп келді. Қатты дауылдан шатырлары ұшқан жанұяларға құрылыс материалдарын алып беруге көмектесті. Қатты дауылдан бағаналар құлаған кезде оларды қалыпқа келтіруге техникаларын берді. Ас-су алуға қаржылай демеушілік жасады. Ауылдағы он-он бес қарияға жылда өз атынан сабан түсіріп береді. Үлкен кісілерді үнемі қамқорлық жасап, батасын алады.

Шаруашылығындағы төрт түлікке мал азығын өз күшімен дайындайды. Техниканың барлық түрі бар. Орақ, шөп тайлағыш, тырма, егін жинайтын комбайнының шөп дайындау науқанына сақадай сай қалыпта ұстайды. Орылған шөптерді тасымалдауға көлік жалдайды. Былтырғы жылы техникаларының бәрін жаңалады.

Рыскелді Сапарбаев Ұнсарыұлы кәсіпкерлік саласының бұл күндері

тәжірибелі басшысы. Бірнеше адамды жұмыспен қамтып отыр. Шаруашылығындағы шопандар қойды жанұясымен келіп бағуда.

Алдағы жоспарлары да жетерлік. Малды асылдандыру, ет өнімдерін мол өндіруді мақсат етіп отыр. Егіс көлемін арттырсам деген ойы бар. Оған толық мүмкіндік жетеді. Техникасы жеткілікті. Адам күші де баршылық. Әсіресе қой түлігін асылдандыруды қолға алсам дейді. Ірі қарадан гөрі майда малға жер қолайлы дегенді алға тартты. Сиырлар біздің жерде жақсы көтеріле алмайды дейді.

Қыста отарын Үшкөкшенің құмындағы «Айғырөлген» деген жерде қыстатады. Жаз айында шөптің қорын сонда жеткізіп алады. Қыстаудағы қораны, тұрғын үйді жыл сайын өзі жөндеуден өткізеді. Құдығына су тартқыш орнатқан. Құмның шөбі құнарлы. Әрі қыстан қысылмай шығуға толық мүмкіндік бар. Жылы, жабық қора. Көктемгі төл қораға қоныс аударғанға дейін шопандар сонда жайлайды. Сиырларды да қыста құмға шығарады. Енді жақын күндері шөп ору науқаны басталады. Техникалары оған сақадай сай тұр. Былтырғы жылы арпа, жоңыршақадан жақсы өнім алды. Биыл 200 гектарға арпа екті. Жауын болса, мол өнім алудан үміті бар. Күні кеше жауын жақсы жауды. Арпа ору кезінде орақшылар вагонмен көшіп барады. Таудың ішінде бастырмалы қорасы бар. Жауын-шашын болса, қойын сонда паналатады. Асауларды қораға қамап, темір торда қаумалап ұстап қолға үйретеді. Сөйтіп оларды емдейді. Емдер кезінде станокпен матап, укол егеді. Майда малды уақтылы кралинге түсіріп тұрады. Бұл түрлі аурудың алдын алады. Уақтылы емдеткеннің пайдасы ауру сырқаудан сақтайды. Шаруашылықтан артылған мал азығын, ауыл тұрғындарына қол жетімді бағада сатып береді.

Көсегенің көк жонындағы тынымсыз тірлік жалғасып жатыр. Серіктестік төрағасы биылғы жылы да бағымындағы төрт түліктің қоңын жоғарылатып, күзге күйлі апаруды мақсат етуде. Мақсаты орындалары хақ. Біз оған толық сенімдіміз.

Рыскелдінің тындырымды тірлігі оның ісінің оңды боларын айқындап тұр.

Несібесін кәсіптен тауып, дүйім жұртты еңбекпен қымтып отырған Рыскелдіге ырысың еселене берсін деп аттандық.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,
Жартытөбе ауылы,
Көкжон өңірі.**

Көп жылдар бұрынғы Калинин кеңшарында түйеші, қойшы болған Тұрсын Әлтаев өзінің шаруашылықты еңбек етіп жүрген кезінде басынан өткерген оқиғасы жайлы әңгімелеген еді.

«Бір күні мал жайып шықсам үйдің төңірегінде екі овчарка күшік жүгіріп жүр. Оларды ұстап алайын деп шақырсам келмейді. Сөйтсем, әлгі күшіктер қасқырдың бөлтірігі екен. Ертеңіне қақпан бассам арлан қасқыр түсіп қалыпты. Інім Тастыбай екеуіміз келе

Алғыр тазының оқиғасы

жатқанбыз. Жаңағы жерде тұз тағысын қақпаннан ажырата алмай біраз қиналды. Қасқыр қақпанды сүйреткен бойы апанға түсіп кеткен. Қасқырды бірінші рет көруіміз. Бойымызда қорқыныш та бар. Қолымызда мылтық жоқ. Үзеңгіні шешіп алып ұрдық. Оны пәуер де қылмады. Болмаған соң қайтып кеттік. Азанда мылтық әкелсем қасқыр сол орнында

жатыр. Сол жерде атып алдым. Әдепкіде оны қақпаннан қалай босатуды білмегенбіз ғой.

Айтпақшы алдында екі күн бұрын екі ботамды қасқыр жеп қойған. Сосын ғой інім екеуіміз ізіне түскеніміз. Күндердің күнінде екеуін інін қазып, ұстап алдық. Бетбақтың даласында жаз жайлауда отырғанбыз. Су тасытын шопыр маған бір тазы-

ны тауып әкеліп берді. Әлгі тазы өте алғыр болып шықты. Тамағын беріп, оны өзіме үйретіп алдым. Оны әлгі шопыр бала қайдан алды. Қай жақтан келді білмейді. Сол тазы бірде 7 қасқырдың ортасына түсіп қалған ғой. Содан оны қасқырлар жабылып өлтірген. Жаңағы тазым түлкілерді қоймайтын. Қоянды тіптен баудай түсіреді. Бір ауылға

ертіп барсам иттердің бәрі қыңсылап қашады. Бір өзі бәрін талап тастайды. Ол тістеген ит қайтып жүгірмейді. Кейін оны Тәңірберген деген қойшы алып бермей қойды. Ол кезде қасқырдың онша мәнін білмеймін. Уақыт өте келе қасқырдың қыр-сырын біле бастадым. Талай тұз тағысын тазымен де, қақпанмен де ұстадым, деді Тұрсын қария.

**Сайлаубектің
Сәрсенбегі.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Сөзақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.